

Азаматтық істер бойынша экспертиза туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 1989 жылғы 22 желтоқсан N 14 нормативтік қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 25 қарашадағы № 9 Нормативтік қаулысы.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Жоғарғы Сотының 25.11.2016 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

Азаматтық істер бойынша экспертиза тағайындау және жүргізу практикасын талқылай келіп, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы экспертизаның заңды әрі дәлелді шешімдер қабылдауға жәрдемдесетінін атап көрсетеді.

Істерді зерттеу барысында экспертиза тағайындалған кезде кемшіліктердің орын алатыны көрінді. Соттар экспертиза тағайындау туралы әрдайым ұйғарымдар шығарып отырмайды, іске қатысушы адамдарға эксперттің қорытындысына керекті сұрақтар беруді ұсынбайды; оларға Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің (бұдан әрі - АІЖК) 40, 41-статьяларында көрсетілген негіздер бойынша экспертке қарсылық жасау правосын түсіндірмейді. Эксперттің жұмыс орнын, оның білімі, атқаратын қызметі туралы және т.б. мәліметтерді анықтамайды. Дәлелсіз себептермен қорытынды беруден бас тартқаны немесе бұлтарғаны үшін және біле тұра өтірік қорытынды бергені үшін жауаптылығы туралы оған ескертпейді. Кейде соттар эксперттің алдына оның жауабы компетенциясы шегінен шығып кететін праволық сұрақтар қояды.

Жекелеген реттерде соттар заңға қарамастан эксперттің қорытындысын мұқият тексермей және оған тиісінше баға бермей, басқа дәлелдемелерге қарағанда артықшылығы бар дәлелдеме ретінде қарайды.

Заң бойынша міндетті болса да /АІЖК-інің 305-статьясы/ немесе істің мән-жайы бойынша қажетті болса да, істер көбінесе экспертиза жүргізілмей шешіледі.

Соттар көбінесе эксперттердің қорытындысына тиісті талап қоймайды. Экспертізаның қорытындысымен келіспеген жағдайда сот шешімінде оларды қабылдамау себептерін көрсетпейді.

Аталған кемшіліктерді жою мақсатында және сот практикасында пайда болған мәселелерге байланысты Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы

Ескерту. Атауы мен кіріспеге өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы сотының 2004.06.18 N 15 нормативтік қаулысымен.

қаулы етеді:

1. Экспертиза дәлелдемелерді қамтамасыз етуге, істі сотта қарауға әзірлеген кезде және істі шешім шығарылғанға дейін сотта қарау барысында тағайындауға мүмкін екендігі соттарға түсіндірілсін.

2. Экспертиза қашан тағайындалатынына қарамастан, сот /судья/ іске қатысушы адамдарға эксперттің қорытындысы талап етілетін сұрақтарды қоюға праволы екендігін түсіндіруге міндетті. Ол іске қатысатын адамдардың экспертке ұсынған сұрақтарының шегінен оның қалай қойылуымен байланысты емес. Сот сұрақтарды өз бетінше тұжырымдауға және қосымша сұрақ қоюға, процеске қатысушылар ұсынған сұрақтарды дәлелдей отырып қабылдамауға праволы.

3. Экспертиза жүргізу үшін АІЖК-нің 91, 93, 94, 95, 98-статьяларының талаптарына сәйкес экспертиза тағайындау туралы соттың /судьяның/ шығарған ұйғарымы процессуалдық негіз болып табылады. Ұйғарымды жолдама хаттармен немесе тапсырмалармен ауыстыруға жол берілмейді.

Экспертиза тағайындау туралы ұйғарымда АІЖК-інің 252-статьясында аталған мәліметтерден басқа мыналар көрсетілуге тиіс:

а/ эксперт мекемесінің аты, эксперттің фамилиясы, әкесінің аты, оның жұмыс орны, мамандығы, білімі, атқаратын қызметі туралы, дәлелсіз себептермен қорытынды беруден бас тартқандық немесе бұлтарғандық үшін және біле тұра өтірік қорытынды бергендік үшін жауапкершілік жөнінде оны ескерту туралы мәліметтер;

б/ эксперттің шешуіне ұсынылатын сұрақтар, экспертиза жүргізу үшін маңызы бар оған берілетін материалдар, заттар, документтер.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы сотының 2004.06.18 N 15 нормативтік қаулысымен.

4. Соттардың АІЖК-інің 91-статьясына сәйкес эксперттің шешуіне ғылым, техника, өнер немесе қолөнер саласында арнайы білімді талап ететін сұрақтар ғана қойылуы мүмкін екендігін ескеруі қажет. Эксперттің алдына қойылған сұрақтар оның арнайы білім шегінен шықпауы керек. Праволық сұрақтарды, мысалы, азаматтардың қабілеттілігі, жол-транспорт оқиғасына жол берген адамдардың айыптылығы, материалдық құнды заттардың, малдың жетіспеушілігі үшін кім жауап беруге тиіс екендігі туралы сұрақтарды эксперттің шешуіне беруге болмайды. Экспертиза тағайындау туралы ұйғарымды сот кеңесу бөлмесінде шығарады.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы сотының 2004.06.18 N 15 нормативтік қаулысымен.

5. Экспертизаны арнайы мекемелердің эксперттері немесе өзіне белгілі немесе тараптар ұсынған мамандардың арасынан сот тағайындаған адамдар жүргізеді. Зерттеулердің сипаты мен көлеміне қарай экспертиза сотта немесе одан тыс жерде /АІЖК-інің 93-статьясы/ жүргізілуі мүмкін. Экспертке экспертиза тағайындау туралы ұйғарым және экспертиза атына /документтер, текстер, салыстырмалы үлгілер, қолдар, цифр жазулар, жазу приборлары және т.б./ жататын қажетті информациясы бар материалдар берілуге тиіс.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы сотының 2004.06.18 N 15 нормативтік қаулысымен.

6. Эксперт істің материалдарымен танысуға, сот ісін жүргізу барысында іске қатысушы адамдарға және куәлерге сұрақтар қоюға, қорытынды беру үшін маңызы бар жазбаша дәлелдемелерді зерттеуге қатысуға, соттан қосымша материалдар беру туралы сұрауға праволы.

7. Эксперттің қорытындысы толық немесе жеткілікті түрде айқын болмаған ретте, тап сол зерттеу объектілеріне қатысты жаңа сұрақтар туындаса немесе қосымша материалдар болса, егер қорытындының толық немесе жеткілікті түрде айқын еместігін эксперттен жауап алу жолымен жою мүмкін болмаса қосымша экспертизаны сот /судья/ тағайындауы мүмкін. Сұрақтардың сипатына қарай қосымша экспертизаны сол эксперт жүргізуі мүмкін.

Қосымша немесе қайта экспертиза тағайындаған ретте сот эксперттің қарауына бұрынғы экспертизаның қорытындыларын, не барлық қосымшалармен қоса /фотосуреттер, сметалар, есептер, чертеждар/ қорытынды беру мүмкін еместігі туралы хабарларды, сондай-ақ экспертиза затына қатысты және соттың қарауында бірінші қорытынды берілгеннен кейін пайда болған қосымша материалдарды не қорытынды беру мүмкін еместігі туралы хабарларды беруге тиіс.

8. Бірінші қорытындыны заңсыз немесе дәлелденбеген деп танылған ретте сот қайта экспертиза тағайындап, оны эксперттер комиссиясына тапсырады. Қайта экспертиза тағайындау дәлелді болуға тиіс. Сот ұйғарымында бірінші экспертиза жүргізген эксперт қорытындысының заңсыз немесе дәлелденбеген деп танылған, не күмән туғызған жағдайын, сондай-ақ эксперт қорытындыларының растығына күмән туғызған істің мән-жайын, эксперт анықтаған деректер мен іс бойынша басқа дәлелдемелердің арасындағы қайшылық неде екенін көрсетуге тиіс.

9. Істі сотта қарауға тағайындалғанға дейін іске қатысушы адамдар экспертизаның қорытындысымен танысуға тиіс. Сот мәжілісінде ол жарияланып, толық зерттеледі.

10. Соттар эксперттер қорытындысының сапасы мен толықтығына талапты күшейтсін. Оның заңға сәйкес алдын ала белгіленген күші, басқа дәлелдемелердің алдында артықшылығы жоқтығы және істің жинақталған барлық мән-жайлары жан-жақты, толық әрі объективті қарауға негізделген судьялардың ішкі сана-сезімі бойынша бағалануға тиіс. Сот экспертиза қорытындысын дәлелдеме ретінде қабылдау немесе оны қабылдамау себептерін шешімде көрсетуге міндетті.

11. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабына сәйкес, осы нормативтік қаулы қолданыстағы құқық құрамына қосылады, сондай-ақ жалпыға бірдей міндетті болып табылады және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ескерту. 11-тармақпен толықтырылды - ҚР Жоғарғы сотының 2012.12.29 N 6 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.